

Гүлсима Дайрабекова

магистрант

Ғылыми жетекшісі профессор Г.Қазыбек

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

(Алматы, Қазақстан)

ТАТЬЯНАНЫҢ ОНЕГИНГЕ ХАТЫ: АСЫЛНҰСҚА ЖӘНЕ АУДАРМА

Абай А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан «Татьянаның Онегинге хатын» ең алдымен қазақ аудиториясына арнап, қазақ жастарының ұғымына сай аударғанын естен шығармағанымыз жөн. Аудармашы түпнұсқа өлең мазмұнының қаймағын бұзбай берген. Абай өлең мәтінін, өлең жолдарын емес, өлеңнің өзін аударған. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Өлеңнің аты – өлең. Ол - бірбүтін. Жолға, тармаққа, сөзге бөлінбейді. Әйтсе де «Абай өлеңнің өзін аударарды» деген ойымызда өрескелдік жоқ болар деп ойлаймыз. Абайдың аудармасында түпнұсқаға тән ақындық, поэтикалық ерекшелік толық сақталған. Кейбір тұстарда Абай Пушкинмен өнер жарыстырып, өзінше өрнек салады. Бұл тұста Абай аудармашы емес, ақынша шарықтайды. «Абай өлеңнің өзін аударарды» деген сөзіміздің мәнісі осында.

Абайдың аудармасы тілге жатық, құлаққа қонымды, көңілге жағымды. Өлең сөздері шағын да қысқа, сұлу да сыршыл, бейнелі, екпінді, ырғақты келіп, түпнұсқадағы поэтикалық ойды тұжырымды да тиянақты, көркем де мазмұнды түрде ажарлап береді.

А. С. Пушкиннің «Евений Онегин» романындағы Татьянаң сырын Абай өзінше қайта жырлап шыққан. Бұл – Абайға тән ерекшелік. Абайдың аудармасын басқа ақындардың аудармаларымен салыстырып қарағанда, бұл ерекшелік көзге айқын шалынады. «Мысалы, Ілияс аударған «Евгений Онегинді» алсақ, оның зор ынта, бейілмен зерттеуші ақын боп ізденгенін көреміз... Сөйтіп іздеу арқылы ол Пушкин материалын барынша жете танып, біліп отыр» [1], - дейді М. Әуезов. Біздіңше, М. Әуезов дұрыс айтып отыр. Аудармашы «зор ынта, бейілмен зерттеуші ақын боп ізденген» жағдайда ғана елеулі көркемдік жетістіктерге жете алады. Алайда, зерттеуші әрі ақын болып ізденудің бәрі сәтті бола бермейді. Өйткені зерттеуші болып ізденудің де, ақын болып ізденудің де түрлі деңгейлері бар.

І. Жансүгіров пен Қ. Шаңғытбаевтың аудармаларында түпнұсқаға жақындық, дәлме-дәлдік бары байқалады. Әсіресе, шумақ, тармақ, бунақ, буын сандарын екі аудармашы да сақтайды. Мұны аудармашылардың аудармашылық шеберлігі қатарында бағалауымыз керек. М. Әуезов айтқандай, «асыл нұсқаның өз стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру» табылған әдіс екені дау тудырмайды. Дегенмен «асыл нұсқаның стилі мен түрін бұлжытпай түсіру» бір басқа да, оның мазмұны мен мәнін, эмоциялық әрін жеткізу бір басқа.

І. Жансүгіров пен Қ. Шаңғытбаевтың аудармаларына қарағанда, Абайдың аудармасының үлгісі бөлек. Абай алдына «асыл нұсқаның өз

стилін, өз түрін бұлжытпай түсіру» туралы мақсат қоймайды, асыл нұсқаның бунақ санын, тармақ санын, тармақтардың өзегіндегі ой сарынын, сезім сазын өзінше өрнектейді. Оның кейбір қырларын мына салыстырулардан аңғаруға болады:

Асылнұсқа

Кто ты, мой ангел ли хранитель
Или коварный искуситель:
Мои сомнения разреши.

Абай аудармасы

Шыныңды айт, кімсің тербеген,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен
Жаумысың теуіп таптаушы?
Шеш көңлімнің жұмбағын.

Аударма мен асылнұсқаны салыстырғанда, асылнұсқаның ұйқасы, ырғағы, тармақ саны сақталмағаны белгілі болады. Түннұсқа үш тармақтан тұратын болса, Абай оны бізге бес тармақпен беріп отыр. Өлең ұйқасы түпнұсқада **а, а, б** болып келсе, Абай бұл өлшемді сақтамайды.

Мағыналық жағынан «*Кто ты, мой ангел ли хранитель, Или коварный искуситель*» дегенді Абай қиынынан қиыстырып, бейнелі, суретті сөздерменен аударды.

Жаратушы ие, жасаушы тәңір және т.б. қазақтың ұғымына сай. Абай сондықтан болар, *хранительді - сақтаушы*, ал *ангел* сөзін *ие* деп берген, *коварный искусительді азғырушы, жаумысың* деп аударған. Мұның бәрі қазақ оқырмандарының қабылдауына, мәдени ойлауына барынша жақын. Екінші жағынан, аударма асылнұсқадан алшақ кетпейді, Пушкиннің Татьянасының ғашықтық күйін, сезім жайын қазақ оқушысы үшін барынша әсерлі, әдепті жеткізеді. Асылнұсқадағы әр сөздің мағыналық дәлдігін сақтаған жағдайда, Абайдың аудармасының көркемдік-эстетикалық табиғаты басқаша болып шығар еді. Енді І. Жансүгіровтің аудармасына назар аударайық.

І. Жансүгіров аудармасы:

Айт жөнінді, сен кімсің:
Я періштем, сақтаушым,
Я әзәзіл, сайтансың,
Күдігімнің көзін аш!
Бәлкім бәрі бекер бос,
Алданды ма жаным жас!

Ілияс Жансүгіров бұл өлең жолдарын жолма-жол, сөзбе-сөз аударған. Бұл өлең жолдарының тілі қарапайым да, жеңіл. Аударма жолдарын түпнұсқамен салыстырғанда, асылнұсқаның ұйқасы және ырғағы сақталған. Сондықтан біз мұны, М. Әуезов айтқандай, асыл нұсқаның өз стилі, өз түрі сақталған дәлме-дәл аударма деп санаймыз. Мұнда, «*Или коварный искуситель*» - *әзәзіл, сайтан* деп берілген. І. Жансүгіров аудармасындағы «Айт жөнінді, сен кімсің» дегенге келсек, бұл жерде қыз өзі ғашық болған жігіттен жауап күтетінін білдірумен қатар оған жекіп тұрғандай көрінеді. Өзі шын ғашық болған жігітке қыздың «Әзәзіл, сайтансың ба немесе періштем,

сақташымсың ба?» деген сөздің тереңінен ару қыздың өзі ғашық болған жігітке деген кіршіксіз сезімінің нәзік лебін білдіретін ерекше күйді табу қиын. Мұндай дәрекі сазда айтылған сөзді қыздың ғашықтық қалпына сай емес деп айтуымызға болады.

Қ. Шаңғытбаев аудармасы:

Періштемісің таза бұл,
Сұмсың ба, әлде әззіл:
Таратшы көңіл шүбәсын,
Әуре боп шекпей аласат,
Аңғал жан тыншып шыдасын.

Тұр шығар басқа болашақ...

Автор асылнұсқаның бірінші және екінші тармақтарының ұйқасын сақтап аударған, өлеңнің ұйқасына, ырғағына көп көңіл бөлген десек қателеспейміз. Бірақ онда қыз сезімінің мөлдіреген эмоционалдық әрінің аз екендігін көреміз. «*И суждено совсем иное...*» тармағы «**тұр шығар басқа болашақ...**» болып, қазақ әдеби тілінің көркемдік жүйесіне, қалыптағы нормасына сай келе бермейтін қарабайыр түрде аударылған. «Сұмсың ба, әлде әззіл» деу де, жоғарыда І. Жансүгіровтің аудармасына байланысты айтқанымыздай, адал, пәк сезімді ғашық қыздың сүйген жігітіне айтатын сөзіндей емес.

Екінші шумақ Абайда мына үлгіде берілген:

Түпнұсқа :

Абай аудармасы :

Но так и быть! Судьбу мою
Отныне я тебе вручаю,
Перед тобою слезы лью,
Твоей защиты умоляю...

Не болса да өзімді
Тапсырдым сізге налынып.
Толтырып көзге жасымды,
Есірке деймін жалынып.

Аударма сезімнің селімен төгіліп тұрғандай, шумақтан лирикалық кейіпкер өз ғашығына жүрегінің дүрсілін емес, лүпілін білдіргенін байқаймыз. Мұнда Татьянаның «*Твоей защиты умоляю*» деген сөзінің мәнісіне үңіле қарасақ, Татьяна Евгенийден өзінің адал, пәк сезіміне лайықты адал, ақ жауап күтетінін білдіреді. Аудармада да осы мағына, осы күй ашылып тұр. «*Твоей защиты умоляю...*» деген өлең жолын «*Есірке деймін жалынып.*» - деп аударған, *есіркеу* сөзі – *аяу, жарылқау, қорғау* мағынасында.

І. Жансүгіров аудармасы:

Бәлкім, басқа жазғанды...
Не болса да болғанды!
Бердім саған басымды,
Төгем саған жасымды.
Мен сұраймын пананды.

Аудармада ақын асылнұсқаның ұйқасын сақтағанын көріп отырмыз. Ал мазмұнға келгенде, аударма асылнұсқадан алыстап кеткенге ұқсайды. «*Но так и быть! / Судьбу мою*» «*Бәлкім, басқа жазғанды.../ Не болса да болғанды!*» деп аудару қалай дегенде де орынды болмай шыққанын айтуға тура келеді. Біріншіден, асылнұсқаның мағынасы дұрыс жетпеген. Екіншіден, осы аударма қазақ тілінде жатық болып шықпаған. Сөйлемдерде анық, айқын ой жоқ. «Не болса да болғанды» деуде асылнұсқаның түрін сақтауға талпыныс бары байқалғанмен, ақындық өнерге лайықты ешқандай

қасиет бар деу қиын. Қазақтың тілін жете білетін кісі қарапайым ауызекі сөйлеу барысында дәл осылай сөйлесе, онда оны түсіну мүмкін болмай шығар еді. Ал, «Защита» сөзі бұл аудармада «Пана» деген сөзбен тура аударылып берілген. Бұл жерде басқа, неғұрлым көркемдік шешім қабылдауға да мүмкіншілік бар.

Түпнұсқа:

Вообрази: я здесь одна,
Никто меня не понимает,
Рассудок мой изнемогает,
И молча гибнуть я должна.

Абай аудармасы:

Бұл жерде ешкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін?
Жақтырмай бұзсаң нұрымды,
Білдірмей күйіп өтейін.

Аудармашы өлең мазмұнындағы поэтикалық детальдарды аударуда аса мұқият болып, қазақ әдеби тілінің лайықты көркемдік бейнелеу құралдарын орнымен пайдаланған. Алғашқы екі тармақта Абай ғашық қыздың эмоциялық күйін дәл жеткізген, тіпті түпнұсқаға қарағанда аударма әдемі, әсерлі сезіледі. Бұл жерде Абай атамыз аударманың нәзира түрін қолданған, яғни түпнұсқаның толық мағынасын сақтай отырып, оны өз ойынан байытып тәржімалаған.

I. Жансүгіров аудармасы:

Ойла: мұнда кім жалғыз.
Неш кім мені ұқпайды,
Шаршап есім шықты әлі,
Өлгенім бе мен ләмсіз.

Аудармада «*Неш*» және «*ләмсіз*» сөздерін араб тілінен алынған. Бірақ осы бір сөз көлемінде аудармаға сын айту орынды болмауы мүмкін. Соған қарамастан, «Өлгенім бе мен ләмсіз» деуді аудармашының жетістігі ретінде қабылдау қиынға соғады. «Ләм-мим» деу бар, «ләм-мим демеді» деу бар, тіпті «ләм-мимсіз» дегенді де түсінуге болады, «тіл қатпады», «жақ ашпады» деген мағынаны осылай жеткізу қазақ тілінің нормасына жат емес. Ал «ләмсіз» немесе «мимсіз» деу қазақ тілінде кездеспейді. «Өлгенім бе мен ләмсіз» дегеннен гөрі «Өлгенім бе ләм-мимсіз» деу, біздің ойымызша, әлдеқайда түсінікті, ойға қонымды болып шыққан болар еді.

Қ. Шаңғытбаев аудармасы:

Ойлашы: мұнда дарамын,
Жанымды ұғар адам жоқ,
Сарсылдым, санам қараң боп,
Ойбайсыз өліп барамын.

Аударма түпнұсқадағыдай төрт тармақпен берілген. Орынды, жатық. Тек бір ғана қолайсыз жай бар. Ол – «Обайсыз өліп барамын». «Ойбайсыз өлу», «ләм-мимсіз өлу» үн-түнсіз өлу деген мағынаны білдіреді. Асылнұсқадағы «И молча гибнуть я должна» тармағының жолма-жол аудармасы мынадай болмақ: «Үн-түнсіз өлуге тиіспін». Осыны Қ. Шаңғытбаевтың аудармасыман ұштастырсақ, мынадай жол түзіледі: «Үн-түнсіз өліп барамын». Ғашықтықтан өлетін қыз ойбайлап өле ме?

Ғашықтықтан өлетін қыз үн-түнсіз өледі. Ғашық қыздың ғашықтықтан ойбайлап өлуінде жанды тербер ешқандай қасиет жоқ, өйткені қазақ оқушыларының менталитетінде бұл - өрескел нәрсе. Олай болса, аудармышының еркімен Татьянаның «Ойбайсыз өліп бара» жатуында да поэтикалық қасиет бар деп айтудың реті келмейді.

Түпнұсқа:

Жду тебя: единым взором
Надежды сердца оживи,
Иль сон тяжелый перерви,
Увы, заслуженным укором!

Абай аудармасы:

Күтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Үзінді барынша түпнұсқамен барабар аударылған, ырғақ, буын, ұйқасы асылнұсқаға сай. Орынсыз тұрған сөз жоқ. Қыздың сезіміне, сөйлеу мәдениеті мен әдебіне сын келтірер ештеңе жоқ.

I. Жансүгіров аудармасы

Тостым сені: бір қарап,
Жүрегіме жан кіргіз,
Я лайық жазалап,
Ұйқымды аша сәгіңіз!

Қ. Шаңғытбаевтың аудармасы

Ал күттім: жебеп ғайыптан,
Жүректің тірілт дәмесін,
Болмаса бекер айыптан,
Бұл түстің жоғалт бәлесін!

I. Жансүгіров пен Қ. Шаңғытбаев аудармалары өзара жақын, үндес. Мысалы, I. Жансүгіров аудармасындағы «*тостым*», «*жазалап*» сөздері Қ. Шаңғытбаев аудармасында «*күттім*», «*айыптан*» сөздерімен жеткізілген. «Жүрегіме жан кіргіз» (I. Жансүгіров) пен «Жүректің тірілт дәмесін» (Қ. Шаңғытбаев) арасында да көп алшақтық жоқ. Екеуі де асылнұсқамен жарыса үндеседі. Алайда осы жолдарға да сын айтуға болады. «Жүректің дәмесін тірілту» (Қ. Шаңғытбаев) дегенде екі тіркес бар: а) жүректің дәмесі; ә) дәме (сін) тірілту. Қазақ оқушыларының менталитетіне бұлардың екеуі де лайықты емес. Бұл екі тіркестің екеуінің де поэтикалық қуаты жоққа тән. Пушкиннің Татьянасы ғашығына: «Жүрегімнің үміт отын өшірме», - дегендей болса, Қ. Шаңғытбаевтың Татьянасы: «Жүректің тірілт дәмесін», - дейді. Егерде Татьяна «дәмесін» өлтіріп алған болса, онда оны қайта тірілтуді Онегиннен сұрау қаншалықты орынды болмақ. Татьянаның Онегиннен «дәмесі» үзілген жоқ, ол Онегиннен «дәмелі». Пушкин суреттеп отырған ахуал осындай. Олай болса, Татьянаның Онегінге: «Жүректің тірілт дәмесін» деуі қаншалықты орынды? I. Жансүгіровтің Татьянасының: «Жүрегіме жан кіргіз», - дегені жайында да осыны айтуға болады.

Жалпы алғанда, I. Жансүгіров пен Қ. Шаңғытбаевтың аудармалары көп жағдайда асылнұсқаға барабар түсіп, қазақ әдеби тілінің көркемдік әлемінде

көрікті де келісті болып, әдемі қиысып отыратыны рас. Сол әдеміліктің келістіліктің, көркемдіктің Абайдың аудармашылық шеберлігінің аясында солғын тартып қалатыны да бар. Бұл, әрине, А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының қазақ тіліндегі аудармаларын бүгінгі деігейден қайта қараудың, қайта пайымдаудың артықшылығы жоқ екендігін білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

1. Әуезов М. «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы // <http://abai-inst.kz/?p=2015>
2. Әлімқұлов Т. Аударма – құты қашпас қазына // <http://abai-inst.kz/?p=1988>
3. Әуезов М. Пушкин мен Абай // <http://abai-inst.kz/?p=1371>
4. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында // <http://abai-inst.kz/?p=1371>
5. Ахметов З. Переводы как форма творческой связи Абая с русской литературой // <http://abai-inst.kz/rus/>
6. Елеукенов Ш. Пушкин и эпистолярный роман Абая // <http://abai-inst.kz/rus/?p=414>
7. Жансүгіров І. «Евгений Онегин». Аударушыдан // Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Алтыншы том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 46-47-беттер.
8. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.